

Тұғыры биік тұлға

Тарих беттері ұлы тұлғалар мен батырларға, ғалымдар мен ғұламаларға, саясаткерлерге толы. Белгілі бір тарихи кезеңдерде немесе дәуірлерде халықтың асыл арманын, тілек-мұратын білдіруші де, оларды жүзеге асыру үшін де сол қайраткерлік дәрежеге көтерілген адамдар ізінен сабақ алу - бүгінгі ұрпақтың ісі. Осындай халқы үшін ерінбей еңбек еткен аянбай жанын берген елеулі ер, танымал тұлға, ұлағатты ұстаз, қоғам қайраткері, кемеңгер ғалым - Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев. Ағамыз көпке сыйлы, тұғыры биік өр тұлға бола білді.

Алты Алаштың ардақтысы атанған Жамбыл ағамыз Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында 1938 жылы 27 шілдеде дүниеге келген. 1960-1960 жылдары ауданымыздың Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп - гимназиясында білім алған. 1960-1965 жылдар аралығында Қарағанды Мемлекеттік педагогика институты физика-математика факультеті, физика және жалпы техникалық мамандығы бойынша оқыған. 1965-1968 жылдары С.М.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің аспирантурасын бітірген.

Жамбыл ағамыз - «Қазақстан жоғары мектебі» халықаралық ғылыми - педагогикалық журналының редакциялық кеңесінің мүшесі. «Жылу физикасы мен молекулалық физика» және «Катты денелер физикасы» мамандықтары бойынша кандидат-

тық диссертациялар қорғау жөніндегі кеңестің төрағасы болған. 70-тен астам ғылыми - әдістемелік жұмыстың авторы, өнер табысы үшін 10-ға жуық куәлік алған. Сондай-ақ, ағамыз университет ректорлары халықаралық ассоциациясының мүшесі, орталық Қазақстан жоғары оқу орындары ректорлары аймақтық кеңесінің төрағасы болған.

«Ер есімі- ел есінде»- демекші, Жамбыл ағамыздың есімі ешуақытта ұмыт қалмақ емес. Жыл сайын дәстүрлі түрде аудан, облыс көлемінде Жамбыл ағамыздың атында физика пәнінен олимпиада өткізіледі. Сондай-ақ, ағамыздың ерен еңбегі мен физика ғылымының дамуына қосқан үлесін зерделеу мақсатында мектеп қабырғасында да түрлі іс-шаралар өткізіліп тұрады. Сонымен қатар, біздің мектебіміз 2015 жылдан бастап осы кісінің есімін қорытындыласам, ағамыздың физика саласының барлық бөлімін зерттеуде, ұрпақ тәрбиесі мен білімнің дамуында қосқан үлесі зор. Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, айналасындағыларға қамқор бола білген ағамыз - тарих бетінде өшпес із қалдырған елеулі тұлға.

**Айзат АМАНБЕКОВА,
Ж.Ақылбаев атындағы
мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып
мұғалімі.**